

"Қазақстан Халық Банкінің  
өмірді сақтандыру бойынша  
"Халық-Life"  
еншілес компаниясы"  
акционерлік қоғамы



Акционерное общество  
"Дочерняя компания  
Народного Банка Казахстана  
по страхованию жизни  
"Халык-Life"

### **Мақұлданды**

"Халық-Life" АҚ  
Басқармасының шешімімен

(2021 жылғы 29 сәуірдегі отырыстың  
№ 34 хаттамасы)

### **Бекітілді**

"Халық-Life" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

(Директорлар кеңесі мүшелерінің 2021  
жылғы 05 мамырдағы отырысының  
№ 38 сырттай дауыс беру хаттамасы)  
06.05.2021 ж. бастап қолданысқа енгізілді.

## **Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ЕРЕЖЕСІ**

---

---

Алматы қ. 2021

**Құжаттың мазмұны**

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
1-тарау. ҚОЛДАНЫЛУ МАҚСАТЫ МЕН САЛАСЫ	3
2-тарау. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	3
2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	4
3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ	4
4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ	4
5-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ	5
6-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	5
7-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНА ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІ	6
8-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ	7
9-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	7
10-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУ МӘН-ЖАЙЛАРЫ (САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ ОРНЫ)	10
11-тарау. КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ	10
12-тарау. ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ТАЛАПТАРЫ	11
13-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ (САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІ)	12
14-тарау. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР	13
15-тарау. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ	13
16-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ, САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН БҰЗУ, МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БҰЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ	14
17-тарау. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	15
3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	16
18-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ НЕМЕСЕ ТҮРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ	16
19-тарау. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР	16

## **1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-тарау. ҚОЛДАНЫЛУ МАҚСАТЫ МЕН САЛАСЫ**

1. Осы Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ережесіне (бұдан әрі – Сақтандыру ережесі) сәйкес «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалармен қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасасады.
2. Сақтандыру ережесі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына, «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Міндетті сақтандыру туралы заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

### **2-тарау. ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

3. Сақтандыру ережесінде Сақтандыру ережесін іске асыру мақсатында келесі негізгі ұғымдар қолданылады:
  - 1) Сақтандырушы – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;
  - 2) сақтанушы – Сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;
  - 3) пайда алушы – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алатын тұлға;
  - 4) сақтандырылушы – Сақтанушының қызметкері;
  - 5) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
  - 6) сақтандыру сыйлықақысы – сақтанушы сақтандырушыға соңғысының пайда алушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін алғаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
  - 7) сақтандыру төлемі – сақтандыру жағдайы орын алған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
  - 8) сақтандыру жағдайы – Сақтандыру ережесінің 10-тарауында көзделген мән-жайлар бойынша қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде орын алған, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде өндірістік жарақаттану, денсаулықтың күрт нашарлануы немесе улану салдарынан қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға немесе өлімге әкеп соққан жазатайым оқиға;
  - 9) Сақтандыру шарты – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты;
  - 10) аннуитет шарты – сақтандыру шарты, Сақтандырушы оған сәйкес, шартта белгіленген мерзім ішінде Пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті;

- 11) еңбек бойынша уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;
- 12) кәсіптік еңбекке қабілеттілік - қызметкердің белгілі бір біліктілік, көлемдегі және сападағы жұмысты орындау қабілеті;
- 13) кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесі – қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі;
- 14) кәсіптік тәуекел сыныбы – өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі
- 15) қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру – еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүдделерін қорғау бойынша қатынастар кешені;
- 16) сақтандыру омбудсманы – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығының қатысушылары арасындағы келіспеушіліктерді реттейтін, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 17) сақтандыру мүддесі – Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) тәуекелдерді болдырмау және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі.

## **2-бөлім. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

### **3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ**

4. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру Сақтандыру шартының мәні болып табылады.
5. Сақтанушы сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеуге міндетті, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.
6. Қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеуге немесе оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға салдарынан, оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (бұдан әрі - қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) объектісі болып табылады.

### **4-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ**

7. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру Міндетті сақтандыру туралы заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.
8. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

9. Сақтандыру шарты қағаз жүзінде немесе электрондық нысанда жасалады.
10. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініші негізінде жасалады.
11. Электрондық өтініш беру арқылы жасалған Сақтандыру шартына Сақтанушы мен Сақтандырушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады.
12. Сақтандыру шартында Міндетті сақтандыру туралы заңда және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бекітілген, міндетті шарттарды қамтылуы тиіс.
13. Егер Шартта осындай ережелердің қолдауы тікелей көрсетілсе және осы ережелер шартта баяндалса немесе оған қоса тіркелген болса, Сақтандыру ережесінде қамтылған және сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптарды Тараптар міндетті түрде орындауға тиіс.
14. Сақтандыру шартын жоғалтып алған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша берген өтініші негізінде оған телнұсқасын беруге міндетті.

#### **5-тарау. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ**

15. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде, барлық қызметкерлердің еңбекақы төлеудің жылдық қорынан кем болмауға тиіс.
16. Сақтандыру сомасы Ереженің 12-бөліміне сәйкес көзделген сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстар мөлшерінің сомасына азайтылады.
17. Сақтандыру сомасы қызметкерлерге еңбекақы төлеудің жылдық қоры өзгерген жағдайда өзгеруі мүмкін.

#### **6-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

18. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген, Міндетті сақтандыру туралы заңның 17-бабының 2-тармағында бекітілген сақтандыру тарифінің негізінде айқындалады.

Еңбекақы төлеудің жылдық қорын анықтаған кезде, әрбір қызметкердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының он еселенген ең төменгі мөлшерінен аспайтын, он екіге көбейтілген ай сайынғы табысын қолданады.

19. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын Сақтанушы, «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркелген жағдайда Сақтандырушымен электронды нысанда сақтандыру шартын жасасуға электронды түрде өтініш берген жағдайда, жылдық еңбекақы төлеу қоры Сақтанушының өтініште көрсеткен деректерді негізге ала отырып айқындалады.
20. Міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі мөлшерінен аз болған жағдайда, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері ең төмен еңбекақының мөлшерін құрайтын болады. Бұл ретте, сақтандыру сомасы артылған сақтандыру сыйлықақысына тең мөлшерге артылады.

21. Кәсіптік тәуекел сыныбына байланысты экономикалық қызмет түрлеріне жатқызу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалады.

Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол, қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуға тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің анағұрлым жоғары сыныбына сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуы тиіс.

22. Сақтанушы қызметтер көрсету шарты аясында бағыттаушы тарап ретінде қызметкерлерді ұсыну бойынша қызметті жүзеге асырған жағдайда, онда оның экономикалық қызметінің түрі қызметкерлерді ұсыну бойынша қызметтерді көрсету бойынша жасалған шарттарға сәйкес қабылдаушы тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан төмен емес кәсіптік тәуекел сыныбына немесе қабылдаушы тараптың ең жоғарғы кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылады.

23. Сақтанушының, Сақтанушыдан өзге қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, онда ол, оның кәсіптік тәуекелінің сыныбына сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуы тиіс.

Бұл ретте филиалдың (филиалдардың) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растамасы болуы тиіс

24. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеу тәртібімен және Сақтандыру шартында көзделген мерзімдерде жүргізеді. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

#### **7-тарау. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНА ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІ**

25. Егер сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде Сақтанушының кінәсінен орын алса (болса), онда Міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентіне көбейтіледі.

26. Түзету коэффициенті, Сақтандыру шартын жасасқан күннің алдындағы соңғы бес жыл ішіндегі зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны және Сақтандыру шартын жасасқан күнгі Сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы саны негізінде айқындалады. Түзету коэффициенттерінің мәні Міндетті сақтандыру туралы заңның 17-1 бабының 2-тармағында бекітілген мөлшерлерде қолданылады.

27. Сақтандыру шарты жасалған күннің алдындағы соңғы бес жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, Сақтандырушы түзету коэффициенттерін «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 52-1-бабының 1-тармағында көзделген тәуекелдерді басқару және андеррайтинг жөніндегі Сақтандырушының ішкі саясатына сәйкес, дербес айқындауға құқылы. Бұл ретте осындай Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерін есептеу Міндетті сақтандыру туралы заңның 17-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін негізге ала отырып жүзеге асырылады.

28. Сақтанушының, Сақтанушыдан өзге қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, түзету коэффициенті, барлық зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын және Сақтанушы мен оның филиалының (филиалдарының) қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып есептеледі.
29. Зардап шеккен қызметкерлердің санын есептеу үшін, қызметкерге 30-дан 100 пайызға дейін кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны немесе оның қайтыс болуы ескеріледі.
30. Түзету коэффициентін қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

#### **8-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ**

31. Сақтандыру шарты, Сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
32. Сақтандыру ереженің 34-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.
33. Сақтандыру шарты сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде қолданылады және бірінші орын алған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.
34. Жұмыс беруші қызметін он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырған жағдайда, сақтандыру шарты осы қызмет жүзеге асырылған мерзімге жасалады.
35. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне сәйкес келеді.
36. Сақтанушы әр сақтандыру жарнасын тиісті сақтандыру жарнасы төленуі тиіс кезең басталғанға дейін төлеуі керек. Олай істемеген жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі кешіктірілген болып есептеледі.
37. Сақтандырушының есеп шотына төлемді жасауға немесе бірінші сақтандыру жарнасын аударуға байланысты тәуекел мен шығындарды Сақтанушы төлейді.
38. Сақтанушы сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйлықақысын) Сақтандыру шартында бекітілген мерзімде төлемеген жағдайда, сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі Сақтандыру ережесінде бекітілген талаптарда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

#### **9-тарау. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

39. Сақтанушы құқылы:
  - 1) сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;
  - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландырған кезде қатысуға;
  - 3) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібінде қорғауға;
  - 4) Сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
  - 5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
  - 6) Сақтандыру ережесінің 17-тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға немесе Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге құқылы;

- 7) сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілген құжаттарды жіберуге (сақтандыру омбудсманына тікелей, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы).
40. Сақтанушы міндетті:
- 1) Сақтандыру шартын сақтанушымен жасасуға;
  - 2) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сақтандыру бойынша өзінде бар барлық құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
  - 3) қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген сәттен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
  - 4) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
  - 5) жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда, дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
  - 6) уәкілетті орган өкілдерінің және Сақтандырушының міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының орын алу мән-жайларын тексеруді қамтамасыз етуге;
  - 7) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеуге;
  - 8) Сақтандырушыға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін есептеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуға;
  - 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден уақтылы өткізуді қамтамасыз етуге;
  - 10) қызметкерлердің сақтандыру жағдайының алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;
  - 11) қызметкерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне үйретуге;
  - 12) жазатайым оқиғалардың алдын алу, ескерту және тергеп-тексеру мәселелері бойынша уәкілетті органның шешімдерін орындауға;
  - 13) Сақтандырушыға өзінің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы уақтылы хабарлауға;
  - 14) сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайтуға шаралар қабылдауға;
  - 15) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
  - 16) Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, қызметкердің немесе қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның пайдасына, Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға.
41. Сақтандырушы құқылы:
- 1) сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;
  - 2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландырған кезде қатысуға;



- 3) Штат кестесіне сәйкес кәсіптік тәуекелінің сыныбы жатқызылған экономикалық қызметі түріне сәйкес келетіндігін немесе Сақтанушы және (немес) сақтандырушы сұратқан басқа ақпаратты тексеруге;
  - 4) сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұратулар жіберуге;
  - 5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
  - 6) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Сақтандыру шартында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
  - 7) сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсыныстар жасауға;
  - 8) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
  - 9) зиян келтірген тұлғаға кері талап қоюға;
  - 10) Сақтанушы Сақтандыру шартында бекітілген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлемеген жағдайда, Сақтандыру шартын біржақты тәртіпте мерзімінен бұрын бұзуға.
42. Сақтандырушы міндетті:
- 1) Сақтанушыны Сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және Сақтандыру шартынан туындайтын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
  - 2) сақтандыру жағдайы орын алған кезде Міндетті сақтандыру туралы заңға және Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
  - 3) өз қызметінің нәтижесінде алынған Сақтанушы мен Пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
  - 4) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Сақтандыру ережесінің 13-тарауында көзделген барлық құжатта мен өтінішті алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде, бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда Пайда алушыға жіберуге;
  - 5) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарауға және бес жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
  - 6) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;
  - 7) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарды өтеуге;
  - 8) Сақтандыру ережесінің 12-тарауында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде, Пайда алушыға мерзімі өткен әр күн үшін төленбеген соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсімақы төлеуге.
43. Пайда алушы құқылы:
- 1) Міндетті сақтандыру туралы заңда және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және талаптарда сақтандыру төлемін алуға;

- 2) Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғадан міндетті сақтандырудың талаптары туралы ақпаратты тегін алуға;
- 3) уәкілетті органға немесе сотқа сақтандыру жағдайын тексеру мәселелері бойынша шешімге шағымдануға;
- 4) медициналық-әлеуметтік сараптама сұрақтары бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне хабарласуға;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;
- 6) сақтандыру жағдайын тексеруге, оның ішінде қызметкерлердің өкілдерінің немесе өзінің сенім білдірген адамының қатысуына;
- 7) Сақтандыру ережесінің 17-тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға немесе сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманьына немесе сотқа жүгінуге;
- 8) сақтандыру омбудсманьына өтініш пен қоса берілген құжаттарды жіберуге (сақтандыру омбудсманьына тікелей, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы).

44. Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамалық актілерде, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін, Сақтандыру шартында Сақтанушының, Сақтандырушының және Пайда алушының басқа құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

#### **10-тарау. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛУЫНЫҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫ (САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ ОРНЫ)**

45. Сақтандыру ережесінің 46-тармағында көзделген мән-жайлар бойынша қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде орын алған, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде өндірістік жарақаттану, денсаулықтың күрт нашарлануы немесе улану салдарынан қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға немесе өлімге әкеп соққан жазатайым оқиға сақтандыру жағдайы болып табылады.
46. Қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеуге немесе оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиға мән-жайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 2-тармағында көзделген.
47. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 817-бабында бекітілген белгілерге ие болуы тиіс.

#### **11-тарау. КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ**

48. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға, қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздық болуына байланысты зияндарды қоспағанда, оның қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты материалды тұрғыдағы зиян кіреді.
49. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтерелген зиянның мөлшері Міндетті сақтандыру туралы заңға және Сақтандыру ережесіне сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде айқындалады.

## **12-тарау. ЗИЯННЫҢ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ**

50. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты табысты (кірісті) жоғалтуға қатысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.
51. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесін қоса алғанда бес пайыздан жиырма тоғыз пайызға дейін белгілеуге байланысты оның табысын (табысын) жоғалтуына байланысты зиянды өтеуді Сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
52. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан бір жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін сақтандырушы жүзеге асырады.
53. Өтеуге жататын жоғалтылған табысты (кірісті) есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартын жасасу күні тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.
54. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан аспайтын мерзімге белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін Сақтандырушы ай сайын аннуитет шарты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, Сақтандырушы бірінші сақтандыру төлемін Сақтандыру ережесінің 13-тарауының 67-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.
55. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл және одан да көп мерзімге белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі Сақтандыру ережесінің 15-тарауына сәйкес, Сақтанушымен жасалған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуі мерзімінен аспайтын мерзім бойы қызметкердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.
56. Жазатайым оқиға болған кезде қызметкердің қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиғаның салдарынан оның денсаулығының нашарлау себебі бойынша зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеу құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзім бойы жүзеге асырылады.
57. Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, Пайда алушылар болып табылатын өзге де тұлғалардың сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

58. Сақтандыру төлемінің мөлшері еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем шегеріліп жүзеге асырылады.
59. Табысты (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.
60. Сақтандырушы қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді осы шығыстарды шеккен қызметкер немесе тұлға ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясындағы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық көмектің шығындар өтеуге жатпайды.

Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері Міндетті сақтандыру туралы заңның 19-бабының 2-тармағында бекітілген мөлшерден (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштерде) аспауға тиіс.

61. Страховые выплаты по возмещению дополнительных расходов, вызванных повреждением здоровья, осуществляются Страховщиком в течение семи рабочих дней с момента представления работником либо лицом, понесшим эти расходы, документов, подтверждающих эти расходы.
62. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша жиынтық сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы Міндетті сақтандыру туралы заңның 19-бабының 2-тармағында айқындалған мөлшерлер шегінде, кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылудың тиісті бастапқы белгіленген дәрежесі бойынша жүзеге асырады.
63. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда, оны жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы жерлеуге жұмсалған шығыстарды бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.
64. Егер сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып түскен жағдайда, айырма Сақтандырушыға Сақтанушының есебінен төленеді.
65. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

**13-тарау. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ (САҚТАНУШЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ, САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ ЖӘНЕ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІ)**

66. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру

төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, алу тәртібін көрсетіп, жазбаша нысанда қояды.

67. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке Міндетті сақтандыру туралы заңның 20-бабының 2-тармағында бекітіліген құжаттар қоса беріледі.
68. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті. Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы өтініш берушінің оны алғандығы туралы белгі соғылып, Сақтандырушыда қалады.
69. Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Ереженің 67-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы оларды жетіспейтін құжаттар туралы үш жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.
70. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқылы адам), сондай-ақ Сақтанушы немесе Пайда алушыға (зиянды өтетуге құқылы адамға) келтірілген зиянды осы Міндетті сақтандыру туралы заңда белгіленген Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға Пайда алушы болып табылады
71. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылған кезде Сақтандырушының Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

#### **14-тарау. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕЙТІН ЖАҒДАЙЛАР**

72. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
73. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартқан кезде Сақтанушы сотқа шағым жасауы мүмкін.

#### **15-тарау. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ**

74. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы Сақтандыру ережесінің 12-тарауындағы талаптарын ескере отырып, қызметкердің пайдасына немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құқығы бар адамның пайдасына, жұмыс беруші таңдаған, аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен аннуитет шартын жасасуға міндетті.
75. Аннуитет шарты Сақтандыру ережесінің 12-тарауының 67-тармағында көзделген құжаттарды табыс еткен күннен бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

76. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқық алған тұлғалардың, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгілеген мөлшерде және мерзімдерде кіріс алуын қамтамасыз ететін шарттармен жасалады. Аннуитет шарты, қолданылуы кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушымен жасалады.
77. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Пайда алушыға төленуге жатпайды.
78. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және Сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі Қазақстан Республикасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.
79. Белгіленген тәртіппен өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапты деп танылған заңды тұлға таратылған жағдайда, аннуитет шарты зардап шеккен қызметкермен немесе Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген тәртіпте қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқылы тұлғамен жасалады.

**16-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ,  
САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ, МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ТОҚТАТУ  
ЖӘНЕ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ**

80. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың бірінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.
81. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар, Тараптардың жазбаша нысанда оларды енгізуге келісімі болған жағдайда жүргізіледі және сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе – Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енді деп есептеледі.
82. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі ішінде еңбекақы төлеу қоры және (немесе) қызметкерлердің штаттық саны өзгерген жағдайда, тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шартының әрекет ету мерзіміне Сақтандыру шартына қосымша келісім жасау ақылы (сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігіне) өзгертулер енгізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы негізгі шарттың аяқталуына дейін қалған мерзімнен және еңбекақы төлеу қорының өзгертілген сомасынан есептеледі. Сақтандыру тарифі Сақтандыру шарты жасалған тарифтен сақтандырудың қалған мерзіміне тең есептеледі.
83. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде қызметкердің кәсіптік тәуекелінің сыныбы өзгерген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінің соңына дейін қалған мерзімге тең қайта есептелуге жатады.
84. Сақтандыру ережесінде көрсетілмеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі Тараптардың келісімімен айқындалады.
85. Сақтандыру шарты:
- 1) Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі аяқталған;
  - 2) Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;

3) Сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасының мөлшерінде жүзеге асырған жағдайларда өз әрекетін тоқтатады.

86. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

87. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағыда көзделген мән-жайлар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы сақтандыру әрекет еткен уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін алуға құқылы.

Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 841-бабының 1 және 1-1-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, егер шартта басқасы көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

88. Сақтандыру шартын тоқтату, кейіннен Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімінде орын алған сақтандыру жағдайлары болып танылған жазатайым оқиғалары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетінен босатпайды.

89. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

### **17-тарау. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРДІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

90. Сақтандыру шартын жасасқан Тараптар арасында туындайтын барлық даулар сотқа дейін дауды реттеу тәртібінде шешілуі тиіс. Дау туындаған жағдайда бір Тарап екінші Тарапқа дауды соттан тыс тәртібінде реттеу қажеттілігін көрсете отырып, жазбаша талабын жібереді. Жоғарыда көрсетілген талапты алған Тарап, талапты алған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей оны қарайды.

91. Егер талапты жіберген Тарап жоғарыда көрсетілген мерзімде екінші Тараптан жауап алмаса немесе Тараптар даудың мәні бойынша келісімге келмесе, дау Сақтандырушының орынласқан мекенжайы бойынша (ҚР, Алматы қ.) ҚР заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешілеуге жатады.

92. Дау болған жағдайда, Сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы) құқылы:

Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберуге немесе

сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына (тікелей Сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберуге.

93. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде, оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты ұсынады.

94. Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), Сақтандыру омбудсманының сұратуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды, сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

### **3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **18-тарау. САҚТАНУШЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН НЕМЕСЕ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ**

95. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде көрсетілген, орналасқан немесе тұрғылықты жерінің мекенжайына хабарлама жібереді.
96. Орналасқан немесе тұрғылықты жері өзгерген кезде, Сақтанушы Сақтандырушыға он күндік мерзімде мекенжайын хабарлауға міндетті (егер Сақтандыру шартында басқа мерзім көзделмесе). Басқалай істеген жағдайда, тараптар алдыңғы орналасқан немесе тұрғылықты жерінің мекенжайына жіберілген хабарламаны орындалды (жарамды) деп есептейді.

#### **19-тарау. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР**

97. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарлама, өтініш, ескерту, түсіндіру жазбаша үлгіде олардың жөнелтуін растауға мүмкін болатын тәсілмен орындалуы тиіс. Сақтандыру шартына байланысты хабарламаларды және басқа хаттарды, Сақтанушыда тіркелуінің жазбасы бар болған жағдайда, Сақтандырушының интернет ресурсындағы жеке кабинеті арқылы жіберуге рұқсат беріледі.
98. Тараптар Сақтандыру ережесіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді.
99. Тараптар арасындағы Сақтандыру шартында реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Сақтандыру ережесіне сәйкес реттеледі.
100. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде Сақтандыру ережесінің жекелеген ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін болса, бұл ереже Сақтандыру ережесіне тиісті өзгертулерсіз автоматты түрде күшін жоғалтады. Егер Сақтандыру ережесінің бірі жарамсыз болса, бұл қалған ережені қозғамайды. Жарамсыз ереже тиісті қатынасқа заңды түрде жол берілетін және реттелетін ережемен ауыстырылады.
101. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемін төлеу қажеттілігі туралы талап, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса тіркеу арқылы электрондық форматта, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде алдын ала жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі жайлы талап, өтініш берушіні Сақтандырушының тұратын жері бойынша Сақтандырушыға қажетті құжаттарды беруден босатпайды.
102. Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша сақтандыру ережелерінің бөлек талаптарын, сонымен қатар Сақтандыру шартын жасасу барысында айқындалатын және Сақтандыру полисінде қамтып көрсетілген қосымша талаптарды алып тастайтын, өзгертулерді енгізуді қарастыратын сақтандыру шарттары жасалуы мүмкін.



103. Электрондық нысанда жасалған Сақтандыру шартына өзгертулер енгізу және оны бұзу туралы келісім әрі электрондық әрі қағаз жүзінде жасалуы мүмкін.

104. Сақтандыру ережесі қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Сақтандыру ережесінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің айырмашылығы бар болған жағдайда, Сақтандыру ережесінің орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.